

**8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша
Каринов Абылай Канатовичтің философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған «Қазақ әдебиетіндегі коучингтің
әдіснамасы» тақырыбындағы диссертациясына**

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІ ПІКІРІ

Қазіргі таңда әлемдік білім кеңістігінде қарқынды жүріп жатқан трансформация үдерістері ұлттық білім беру жүйелеріне де тың серпін беруде. Бүгінгі жаһандық тұрақсыздық жағдайында қоғамның зияткерлік әлеуетін арттырудың, адами капиталды дамытудың негізгі тетігі – тұлғаның шығармашылық және эмоционалдық мүмкіндіктерін ашуға бағдарланған, заманауи құзыреттерді қалыптастыратын білім беру мазмұны. Бұл тұрғыда мектеп пәндерінің арасында тұлға тәрбиесінде ерекше орны бар қазақ әдебиеті пәнін оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздерін қайта қарау, жаңғырту – күн тәртібінде тұрған өзекті мәселе.

Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің негізін қалауда Ы.Алтынсарин, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, Ж.Аймауытов сынды ағартушылардың еңбектері ерекше маңызға ие болса, кеңестік және тәуелсіздік жылдарында бұл салада А.Көшімбаев, Ш.Кәрібаев, Қ.Жұмалиев, Ә.Қоңыратбаев, С.Тілепова, Ә.Дайырова, Б.Сманов, Т.Ақшолақов, Қ.Алпысбаев, Н.Әбдіғаппаров, Г.Құрманбаева, С.Қирабаев сияқты ғалымдар мен әдіскерлердің еңбектері қазақ әдебиетін оқыту әдіснамасын тереңдетіп, теориялық әрі практикалық тұрғыда байыта түсті. Әсіресе Қ.Бітібаеваның тұлғалық-бағдарлы және шығармашылық-ізденушілік оқыту әдістері қазіргі педагогикалық парадигмамен үндес келеді. Бұл ғалымдардың жинақтаған мол тәжірибесі мен ғылыми негіздемелері қазақ әдебиетін оқытудың сапасын арттыруға зор үлес қосты.

Зерттеу жұмысы қазақ әдебиетінің оқытылу тарихына шолу жасай отырып бүгінгі күнге дейін зерттелген қазақ әдебиетіне байланысты әдістемелік мұраларды заманауи педагогикамен сабақтастыру арқылы құрылымдалған. Әдебиетті оқытудағы жаңа форматтардың, соның ішінде оқушының өзіндік рефлексиясы мен дербес ойлау қабілетін дамытуға арналған әдістердің ғылыми негіздемесін беріп, оларды нақты оқу жағдаяттарымен байланыстыра көрсетеді.

Осы бағыттағы ізденістер контекстінде А.К.Кариновтің «Қазақ әдебиетіндегі коучингтің әдіснамасы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы өзекті әрі тың ғылыми ізденістің нәтижесі болып табылады. Бұл зерттеуде әдебиетті оқыту үдерісін дәстүрлі әдістерден тыс, тұлғаның ішкі әлеуетін ашуға бағытталған коучинг әдістері арқылы жаңаша ұйымдастыру мәселесі қарастырылады. Бұл тәсіл оқушыны тек мәтінді қабылдаушы емес, оны түсінуге, интерпретациялауға, өмірлік контексте мәнін ұғынуға қабілетті субъект ретінде тануға мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, диссертациялық жұмыстың өзегі – әдебиет пәнін оқытудың таза пәндік шеңберінен шығып, оның тәрбиелік, дүниетанымдық және тұлғалық әлеуетін кеңінен аша алатын заманауи әдіснамалық үлгіні ұсыну. Бұл бағыт бүгінгі білім берудің стратегиялық мақсаттарымен толық үндеседі және отандық әдебиеттану мен педагогика ғылымының тоғысындағы маңызды зерттеу болып табылады.

А.К. Кариновтің зерттеу жұмысы қазіргі білім беру үдерісіндегі тұлғалық-бағдарлы оқыту, эмоционалды интеллект, шығармашылық және сыни ойлау сынды ХХІ ғасыр дағдыларын дамытудың өзекті мәселелерін қарастырады. Диссертацияда коучинг әдістемесін қазақ әдебиетін оқытуда қолданудың теориялық және практикалық негіздері жүйелі сипатталып, автор жаңашыл көзқараспен әдеби білім берудің жаңа мүмкіндіктерін ашады. Теориялық бөлімде коучингтің әдіснамалық және педагогикалық негіздері кеңінен талданған, ал тәжірибелік бөлімде жүргізілген эксперименттік жұмыстар нәтижелері нақты деректермен дәлелденіп, практикалық ұсыныстармен толықтырылған.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы жоғары: қазақ әдебиеті пәніне коучингтік технологияларды бейімдеу және оның оқушылардың эмоционалды, шығармашылық дамуына әсері кешенді түрде зерттеліп, автор тарапынан әдістемелік үлгілер жасалған. Бұл – бұрын терең зерттелмеген тың бағыт. Сонымен қатар, диссертациялық жұмыста қазіргі заманғы білім беру құжаттары мен халықаралық стандарттарға сүйеніп, отандық және шетелдік әдебиеттерге жан-жақты талдау жасаған. Пайдаланылған дереккөздер көлемі мен мазмұны талапқа сай. Зерттеу нәтижелері ғылыми журналдарда жарияланған, халықаралық индекстелетін басылымдағы мақаласы мен оған сілтемелер зерттеудің өзектілігін дәлелдейді. Жұмыстың кемшілігі ретінде коучинг әдістерінің практикалық модельдері кең ұсынылғанымен, кейбір әдістердің мектеп практикасына енгізілу мүмкіндігі нақтырақ педагогикалық жағдаяттармен бекітілсе, тиімдірек болар еді деп есептейміз. Дегенмен бұл ескерту, жалпы жұмыстың сапасына әсер етпейді.

Ғылыми өзекті мәселені шешуге бағытталған зерттеу жұмысы диссертациялық жұмысқа қойылатын талаптарға толықтай сәйкес келетіндігін ескере отырып, Каринов Абылай Канатовичтің «8D01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Қазақ әдебиетіндегі коучингтің әдіснамасы» тақырыбындағы диссертациясы бекітуге лайықты жұмыс.

Ғылыми кеңесші:

**Академик Е.А.Бокетов атындағы
Қарағанды университетінің
қауымдастырылған профессоры,
филология ғылымының кандидаты**



С.У.Такиров

